

Жамантаева Г.Ә.  
**Қытай тіліндегі дауысты  
дыбыстар мен дауыссыз  
дыбыстардың айырмашылығы**

Jamantayeva G.A.  
**The peculiarities of the vowels  
and consonants of the chinese  
language**

Жамантаева Г.А.  
**Особенности произношения  
гласных и согласных звуков в  
китайском языке**

Мақалада қытай тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың топтастырылуы, дыбысталуы және олардың басты айырмашылықтары қарастырылды.

**Түйін сөздер:** фонетика, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, дыбыстау мүшелері.

---

The article deals with the classification, articulation and the main differences of vowels and consonants of the Chinese language.

**Key words:** phonetics, vowels, consonants, articulating organs.

---

В статье рассматривается классификация, произношение, а также особенности гласных и согласных звуков в китайском языке.

**Ключевые слова:** фонетика, гласные звуки, согласные звуки, органы речи.

## **ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР МЕН ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ**

Тіл ежелден адамдар арасында қарым-қатынас құралы қызметін атқарып, адам қоғамының өркендеп өсуіне ықпал етіп келеді. Тіл екі түрлі формада, алғашқысы адамның сөйлеу аппаратынан шыққан дыбыстар, екіншісі сол дыбыстардың таңбасы – әріптер арқылы өмір сүреді. Қандай да тіл болмасын оның дыбыстық құрамы шектеулі. Бірақ кез келген тілдегі сөздер түрлі-түрлі дыбыстық комбинациялар арқылы жасалады да, мыңдаған сөздер жиынтығын құрайды.

Фонетика – тіл дыбыстарының жүйесін, жасалуы мен ерекшеліктерін, әртүрлі сипаты мен бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Тіл дыбыстары, біріншіден, адамның дыбыстау мүшелері арқылы пайда болып шығатын дыбыстар, екіншіден, белгілі жүйелік сипаты бар, саны шектеулі, үшіншіден, белгілі ұғымды білдіретін сөз құрайтын ең кіші тілдік бөлшек болып табылады [1,213].

Тілдерді фонетикалық, грамматикалық құрылысына қарай бірнеше типке бөлуге болады. Сондықтан тілтану типологиясы немесе салғастырмалы лингвистика ғылымы тілдерге әртүрлі тұрғыдан келеді: 1. Фонетикалық типология 2. Синтаксистік типология 3. Морфологиялық типология.

Бұлайша топтастырудың тілдер арасындағы туыстыққа тікелей қатысы жоқ. Фонетикалық типология бойынша тілдер дыбыс құрылысты және буын құрылысты болып бөлінеді. Дыбыс құрылысты тілдерде сөздер дыбыстардан құралса, буын құрылысты тілдерде буындардан құралады. Буындар одан әрі бөлшектенбейді, ол тек инициаль (буынның басы) және финальға (буынның соңы) бөлшектенеді. Мысалы, еуропалық тілдер дыбыс құрылысты, қытай тілі буын құрылысты. Дыбыс құрылысты тілдерде дыбыстар болады да, әріптермен жазады, буын құрылысты тілдерде дыбыстар болмайды, олар иероглифтермен жазады.

Монотониялық және политониялық тілдер. Монотониялы дауыс тоны сөз мағынасын ажыратпайды. Политониялы тілдерде сөздің мағынасын ажырататын дауыс тоны. Яғни сөздің айтылу әуені оның мағынасын көрсетеді. Политониялы тілдерге мысалы, Қытай, Вьетнам тілдері жатады. Онда сөздің мағынасын айтылу әуені анықтайды. Монотониялы тілдерде сөздің мағынасын оның құрамындағы дыбыстар анықтайды. Мысалы ағылшын, орыс, қазақ, араб тілдері.

Типологиялық классификациялардың ішінде ең жете зерттелгені морфологиялық типология. Онда әлемдегі тілдерді тұлғалық түрлену жүйесі бойынша топтастырады.

1. Түбір тілдерде сөз түрлендіруші аффикстер болмайды, сөздер орын тәртібі арқылы байланыса береді (қытай тілі).

2. Агглютинативті тілдерде жұрнақтар мен жалғаулар кең таралған және олар түбірдің үстіне бірінен соң бірі үстемеленіп жалғана береді де сөз ұзара түседі. Әлгі қосымшалар бір мағыналы болады, ал түбір өз тәуелсіздігін сақтайды, өзгермейді (қазақ тілі).

Шет тілді оқып үйренуде, ең алдымен, сол тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғатын танып білуден басталады. Шет тілді оқытып үйретуде ондағы дыбыстық ерекшеліктер тіл үйренушінің ана тіліндегі дыбыстармен салыстыру арқылы түсіндіріледі [1,215].

Тілдердің барлығында да дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп екі үлкен топқа бөледі.

Өртүрлі тілдердегі дыбыстарды дауыстылар және дауыссыздар деп топтастыруға негіз болатын жалпылама ортақ белгі ретінде, әдетте, олардың буын құрау қызметі аталады. Буын құрау тұрғысынан алғанда дауыстылар буын жасай алатын негізгі ұйтқы, басты тұлға ретінде, ал дауыссыздар өздігінен буын жасай алмайтын, дауыстылардың жетегіндегі көмекші элементтер ретінде ғана құралады.

Дауысты дыбыстар дегеніміз өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырамай, тосқауылсыз, еркін шығуынан жасалатын дыбыстар. Дауысты дыбыстардың дыбысталуы, негізінен, ауыздың пішіні арқылы анықталады. Дауысты дыбыстар **тіл үсті дауысты дыбыстар** және **тіл ұшы дауысты дыбыстар** болып екі үлкен топқа бөлінеді. Қазіргі қытай тілінде 10 дауысты дыбыс бар, олардың жетеуі тіл үсті дауысты дыбыстар: *a, o, e, i, u, ü, ê*; үшеуі тіл ұшы дауысты дыбыстар: *-i, -ü, er* – қайырмалы тіл дауысты дыбыс.

### I. Тіл үсті дауысты дыбыстар (舌面元音).

Дауысты дыбыстарды дыбыстағанда, тілдің бір бөлігі қысылып, төмендейді, тілдің қысылып, төмендеуінің ең жоғарғы нүктесі «тіл орны» деп аталады.

Тіл үсті дауысты дыбыстары үш жақты жіктеледі. Олар:

1. Тіл орнының ілгерінді-кейіндігіне қарай тіл үсті дауысты дыбыстары 3 түрге бөлінеді: **тіл үсті алды** (前元音) *i, ü, ê*, **тіл үсті арты** (后元音) *u, o, e*, **тіл үсті ортасы** (央元音) *a*.

2. Тіл орнының жоғары-төмендігіне қарай тіл үсті дауысты дыбыстары 4 түрге бөлінеді: **жуан дауысты дыбыс** (高元音) *i, u, ü*, **жартылай жуан дауысты дыбыс** (半高元音) *o, e*, **жартылай жіңішке дауысты дыбыс** (半低元音) *ê*, **жіңішке дауысты дыбыс** (低元音) *a*. Тіл орнының жоғары-төмендігі және ауыз пішінінің көлеміне байланысты тіл орны төмендеген сайын ауыздың ашылу көлемі үлкейеді; тіл орны жоғарылаған сайын ауыздың ашылу көлемі кішірейеді.

3. Еріннің дөңгелену-дөңгеленбеуіне қарай тіл үсті дауысты дыбыстары 2 түрге бөлінеді: **еріндік дауысты дыбыс** (圓唇元音) *ü, u, o* және **езулік дауысты дыбыс** (不圓唇元音): *i, ê, e, a*.

### II. Тіл ұшы дауысты дыбыстар (舌尖元音).

Тіл ұшы дауысты дыбыстарын дыбыстағанда тіл ұшы басты рөл атқарады. Тіл ұшы дауысты дыбыстары тіл ұшының ілгерінді-кейіндігі және еріннің дөңгелену-дөңгеленбеуі арқылы анықталады [2, 82]. Путунхуада 3 тіл ұшы дауысты дыбысы бар, олар: **тіл ұшы алды дауысты дыбысы** – *i* [ы], **тіл ұшы арты дауысты дыбысы** – *i* [і] және **қайырмалы тіл дауысты дыбысы** *er*.

Дауыссыз дыбыстар – өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуынан жасалатын дыбыстар. Қытай тілінде дауыссыз дыбыс – 22, дауыссыз дыбыстың сипаты кедергі жасайтын орын (жасалу орны) және кедергі қалыптастыратын, кедергіні бұзатын тәсіл (жасалу тәсілі) арқылы анықталады.

**I. Жасалу орны (发音部位)** – дыбыстағанда ауа ағысы кедергіге ұшырайтын мүше. Қытай тілінде 22 дауыссыз дыбыстың 7 түрлі жасалу орны бар.

1. Еріндік (双唇音). Үстіңгі және астыңғы еріндердің ауа ағысына кедергі жасауы арқылы жасалатын дыбыс: **b, p, m**.

2. Еріндік-тіс (唇齿音). Үстіңгі тіс пен астыңғы еріннің ауа ағысына кедергі жасауы арқылы жасалатын дыбыс: **f**.

3. Тіл ортасы (舌尖中音). Тіл ұшы үстіңгі тіс қызыл иегіне тиіп, ауа ағысы кедергіге ұшырау арқылы жасалатын дыбыс: **d, t, n, l**.

4. Тіл түбі (舌根音). Тіл түбі жұмсақ таңдайға тиіп немесе жақындап, ауа ағысы кедергіге ұшырау арқылы жасалатын дыбыс: **g, k, h**.

5. Тіл үсті (舌面音). Тіл үсті алды қатты таңдайдың алдыңғы жағына тиіп немесе жақындап, ауа ағысы кедергіге ұшырау арқылы жасалатын дыбыс: **j, q, x**.

6. Тіл арты (舌尖后). Тіл ұшы қатты таңдайдың алдыңғы жағына тиіп немесе жақындап, ауа

ағысы кедергіге ұшырау арқылы жасалатын дыбыс: **zh, sh, ch, r**.

7. Тіл алды (舌尖前). Тіл ұшы үстіңгі тіс түбіне тиіп немесе жақындап, ауа ағысы кедергіге ұшырау арқылы жасалатын дыбыс: **z, c, s** [3,124б.].

**II. Жасалу әдісі (发音方法)** – дыбыстағанда кедергі қалыптастыратын және кедергі бұзатын тәсіл. Ол үш жақты жіктеледі: а) кедергі қалыптастыру және кедергі бұзу тәсілі; ә) дауыс шымылдығының дірілдейтін, дірілдемейтіндігі; б) шыққан ауа қарқынының күшті-әлсіздігіне қарай.

А. Кедергі қалыптастыру және кедергі бұзу тәсіліне қарай дауыссыз дыбыстар 5 түрге бөлінеді:

1. Шұғыл дыбыс (塞音). Дыбыстағанда дыбыстау мүшелерінде кідіріс қалыптасады, жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын қуысы жолы жабылады, ауа кедергіні бұзып, атылып шығады. Барлығы алты шұғыл дыбыс бар: **b, p, d, t, g, k**.

2. Ызың дыбыс (擦音). Дыбыстағанда дыбыстау мүшелері жақындайды, жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын қуысы жолы жабылады, ауа тар саңылаудан қысылып шығады. Барлығы алты ызың дыбыс бар: **f, h, x, sh, r, s**.

3. Шұғыл-ызың дыбыс (塞擦音). Дыбыстағанда дыбыстау мүшелерінде кідіріс қалыптасады, жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын қуысы жолы жабылады, ауа алдымен кідіру мүшелерін бұзып, бір тар саңылау ашады, сосын тар саңылаудан қысылып, үйкеліп шығады. Алдымен бұзып, кейін үйкеліп, соңында бірігіп бір бүтін дыбыс болады. Барлығы алты шұғыл-ызың дыбыс бар: **j, q, zh, ch, z, c**.

4. Мұрын жолды дыбыс (鼻音). Дыбыстағанда дыбыстау мүшелері бүкілдей бөгеледі, жұмсақ таңдай төмен түсіп, мұрын қуысы жолы ашылады, ауа дауыс шымылдығын дірілдетіп, мұрын қуысынан мұрын жолды дыбысы шығады. Барлығы үш мұрын жолды дыбыс бар: **m, n, ng**.

5. Ұрт жолды дыбыс (边音). Дыбыстағанда тіл ұшы үстіңгі тіс қызыл иегіне тіреледі, бірақ тіл басының екі жағында саңылау қалады, сонымен бірге жұмсақ таңдай жоғары көтеріліп, мұрын қуысы жолын жабады, ауа дауыс шымылдығын дірілдетіп, тіл басының екі жағынан немесе бір жағынан шығады. Ұрт жолды дыбыс тек біреу: **l**.

Ә. Дауыс шымылдығының дірілдейтіндігі, дірілдемейтіндігі қарай дауыссыз дыбыстарды қатаң және ұяң дыбыстар деп екіге бөледі.

1. Қатаң дыбыс (清音). Дыбыстағанда дауыс

шымылдығы дірілдемейтін дыбыстар. Қатаң дыбыс барлығы он жеті: **b, p, f, d, t, g, k, h, j, q, x, zh, ch, sh, z, c, s**.

2. Ұяң дыбыс (浊音). Дыбыстағанда дауыс шымылдығы дірілдейтін дыбыстар. Ұяң дыбыс барлығы бесеу: **m, n, ng, l, r**.

Б. Ауаның күшті-баяулығына қарай шұғыл, шұғыл-ызың дыбыстарды лепті және лепсіз деп екіге бөледі.

1. Лепті дыбыс (送气音). Дыбыстағанда ауыз қуысынан шыққан ауа қарқыны күштірек. Алты лепті дыбыс бар: **p, t, k, q, ch, c**.

2. Лепсіз дыбыс (不送气音). Дыбыстағанда ауыз қуысынан шыққан ауа қарқыны баяуырақ. Алты лепсіз дыбыс бар: **b, d, g, j, zh, z** [4,148].

Дауысты дыбыстарды айтқанда, ауа дауыс шымылдығын дірілдетіп, ауыз және мұрын қуысында кедергіге ұшырамай, тосқауылсыз еркін шығады. Мысалы: *a, o, e, i, u, u, e* т.б. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда, ауа кедергіге ұшырап, тосқауылмен шығады. Мысалы: *b, p, m, f, d, t, n, l* т.б.

Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың басты айырмашылығы мынада:

1. Дауысты дыбыстарды айтқанда, ауа ауыз қуысынан, мұрын қуысынан тосқауылсыз шығады; дауыссыз дыбыстарды айтқанда, ауа ауыз қуысында, мұрын қуысында дыбыстау мүшелерінің кедергісіне ұшырайды.

2. Дауысты дыбыстарды айтқанда, дауыс шымылдығы дірілдейді, дауыс үнемі көтеріңкі, әрі созылық болады; дауыссыз дыбыстарды айтқанда, дауыс шымылдығы әркелкі (кейде дірілдейді, мысалы: *m, n, l, r*; кейде дірілдемейді, мысалы: *b, p, f*), дауыс шымылдығы дірілдегенде дауыс көтеріңкі, дірілдегенде көтеріңкі емес.

3. Дауыссыз дыбыстарды айтқанда, тосқауылдан өту кезінде дыбыстау мүшелеріне күш түседі, ал дауыстыларда дыбыстау мүшелеріне күш түспей оның қалпы жайдары болады.

4. Дауыстыларды айтқанда, шыққан ауаның қарқыны әлсіздеу; дауыссыздарды айтқанда, ауа қарқыны күштірек.

Жоғарыда айтылғандардан дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың айырмашылығының біріншісі ең маңызды, екіншісіне ерекше көңіл бөлу керек, дауыстыларды айтқанда, дауыс шымылдығы міндетті түрде дірілдейді, дауыссыздарда ұяң дауыссыз дыбыстарды айтқанда, дауыс шымылдығы дірілдейді, қатаң дауыссыздарды айтқанда дірілдемейді.

#### Әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2003.
2. Гаң Уін. Қытай тілінің фонетика курсы. – Пекин тіл университеті баспасы, 2006.
3. Юн Чиан. Тіл ғылымына шолу. – Қытай халық университеті баспасы, 2003.
4. Хуаң Бо Жоң. Қазіргі қытай тілі. – Жоғары білім баспасы, 1997.

#### References

1. Ahanov K. Til biliminin negizderi. – Almaty, Sanat, 2003.
2. Cang Wen. Hanyu yuyin jiaocheng. – Beijing yuyan daxue chubanshe, 2006.
3. Yun Qiang. Yuyanxue gailun. – Zhongguo renmin daxue chubanshe, 2003.
4. Huangborong. Xiandai hanyu. – Gaodeng jiaoyu chubanshe, 1997.